

## Қостанай облысының білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарына атау беру мен қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 наурыздағы № 109 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысының мынадай білім беру және спорт ұйымдарына:

- 1) "Қарабалық ауданы әкімдігі білім бөлімінің балалар өнер мектебі" мемлекеттік мекемесіне – Сералы Қожамқұловтың есімі;
- 2) Қостанай облысы әкімдігі Дене шынықтыру және спорт басқармасының "Амангелді аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" мемлекеттік мекемесіне – Ералхан Сейкеновтің есімі берілсін.

2. Мынадай білім беру және мәдениет ұйымдары:

- 1) Қостанай ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Красный Октябрь орта мектебі" мемлекеттік мекемесі – "Қостанай ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Қадір Кәрімов атындағы орта мектеп" мемлекеттік мекемесі;
- 2) "Сарыкөл ауданы әкімдігі білім бөлімінің Сарыкөл орта мектебі" мемлекеттік мекемесі – "Сарыкөл ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы орта мектеп" мемлекеттік мекемесі;
- 3) "Қарабалық ауданы әкімдігі білім бөлімінің № 3 Қарабалық орта мектебі" мемлекеттік мекемесі – "Қарабалық ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Мұхамеджан Сералин атындағы орта мектеп" мемлекеттік мекемесі;
- 4) "Таран аудандық "Ұшқын" мәдениет үйі" мемлекеттік мекемесі – "Елубай Өмірзақов атындағы Таран аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК